



CISC
Civil Initiatives Support Center

Б А С П А С Ө З – Р Е Л И З І

2016 жылдың 29 қараша күні сағат 15:00-де «Думан» қонақжайының «Парламент» конференц-залында «Қазақстандағы гендерлік саясат: «Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын» іске асыру нәтижелерін бағалау» жобасының қорытындылары бойынша дөңгелек үстел отырысы өтеді.

Жоба Азаматтық бстамаларды қолдау Орталығы мен Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам Министрлігінің мемлекеттік гранты аясында Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығымен іске асырылады.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – жобаның қорытындыларын жариялау және «2030 ж. дейінгі отбасы және гендерлік саясаттың Тұжырымдамасын» әзірлеу аясында гендерлік саясатты одан әрі дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда Қазақстан тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер қоғамын құруда көптеген жетістіктерге ие болды. Қазіргі таңда бұл бағыттағы іс-шаралар «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңдарымен реттелінеді.

2005 жылы ҚР Президенті қаулысымен «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы» қабылданды. Стратегия Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы бастамасымен еліміздің үкіметтік емес ұйымдарының, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен әзірленді.

Стратегия іске асырылған жылдары оның негізгі бөлімдері мен индикаторларын жүзеге асыру бойынша нәтижелі жұмыс атқарылды:

- Бүгін Парламент Мәжілісіндегі әйелдер үлесі – 27,1%, бұл көрсеткіш шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдер өкілдігін 30% қамтамасыз ету мақсатына жақын. Барлық деңгейдегі мәслихаттарда әйелдер өкілдігінің деңгейі сайланған депутаттардың жалпы санының 22,2%-на жетті.
- Ел экономикасының дамуына әйелдердің қатысу үлесі артып келеді. Мәселен, 2006 жылдан бастап бизнестегі әйелдердің үлесі 38%-дан 50%-ға дейін өсті. Әйелдер шағын және орта бизнес кәсіпорындарының 42 %-на басшылық етеді, ал олардың елдің ЖІӨ-не қосқан үлесі - 40%. Әйел жұмыссыздығы 2006 жылы 9,2%-дан 2015 жылы 5,6%-ға дейін төмендеген.
- Жыл сайын денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштер жақсаруда: ана өлімі 3,7 есе, бала өлімі – 1,4 есе азайды. Қабылданған шаралар нәтижесінде азаматтардың өмір сүру жасы 66,15-тен 71,62 жасқа дейін ұзарды.
- Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы күшейтілді. Соңғы 10 жылда тұрмыстық қылмыс деңгейі 2006 жылы 1424-ден 2015 жылы 467-ге дейін 3 есе төмендеген. Елдің барлық өңірлерінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғайтын арнаулы бөлімшелер және зардап шеккен әйелдерге кешенді көмек көрсететін 28 дағдарыс орталығы жұмыс істейді.
- Отбасы институтын нығайту мақсатымен Елбасының тапсырмасы бойынша Отбасы күні белгіленіп, жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Атқарылған жұмыс нәтижесінде Әлемдік Экономикалық Форумның гендерлік теңдік Индексіне сәйкес Қазақстан Республикасы 2016 жылы әлемнің 144 мемлекеті арасынан 51-орынды иеленді.

Дегенмен, гендерлік теңдікке қол жеткізуде әлі де бірталай мәселелер шешімін табуы тиіс:

- Мемлекеттік қызметкерлер арасында басшы лауазымдарындағы әйелдердің өкілдігі төмен деңгейде. Қазіргі таңда 411 саяси мемлекеттік қызметкерлердің тек 40-ы – әйелдер (9,7%).
- Еңбек пен жұмыспен қамту саласында ерлер мен әйелдердің орташа еңбекақы деңгейінде 33% алшақтық сақтап қалады. Әйелдердің жұмыссыздық деңгейі ерлердің жұмыссыздық деңгейінен жоғары. 2015 жылы әйелдер жұмыссыздығы 5,7%, ал ерлер жұмыссыздығы 4,3% деңгейінде тіркелген.
- Халықтың ой-санасында гендерлік стереотиптер әлі де сақталған. Қазақстандық БАҚ құралдарында егде жастағы әйелдердің, көпбалалы аналардың, жалғыз басты аналардың әлеуметтік қамтамасыз етілмеуі, жасөспірім қыздардың мәселелері аз көтеріледі.
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі толық шешілмеген: 2015 жылы тіркелген қылмыстардың саны 65 325-ке жетті, бұл 2006 жылғы көрсеткіштен 40%-ға дерлік жоғары. Сарапшылардың айтуы бойынша, еліміздегі әрбір үшінші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа, әрбір жетінші – физикалық, әрбір тоғызыншы – экономикалық және әрбір оныншы – сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.
- Отбасы мен отбасылық тәрбие беру мәселесі де өзекті: 2011 жылдан бастап некелердің саны төмендеп келеді, 2015 ж. соңында 148 769 неке тіркелген, бұл 2014 ж. көрсеткішінен 10 559-ға аз. Ажырасулар саны, керісінше, 2006 жылдан бастап өсіп келеді. Толық емес отбасылар құрамында жалғызбасты аналардың отбасылары басым.

Осыған орай, «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын» жүзеге асырылу мерзімінің аяқталуына байланысты оның барлық бөлімдері бойынша тұңғыш рет кешенді социологиялық зерттеу жұмысы өткізілді. Зерттеу жұмысы келесі сатылардан тұрады:

- Әлеуметтік сауалнама арқылы сандық талдау;
- Сарапшылық сауалнама арқылы сапалық талдау;
- 10 жыл ішінде стратегияның негізгі индикаторларының жүзеге асырылу нәтижелерін талдау.

Осылайша, «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын» жүзеге асыру нәтижелерін кешенді талдау он жыл ішіндегі қазақстандық гендерлік саясат нәтижелерін қорытындылау шарасы болып табылады.

Дөңгелек үстел қатысушыларына «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының» іске асырылуын бағалау: әлеуметтік талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысы және «Әйелдердің Қазақстан Республикасының заң шығарушы, жергілікті өкілді, атқарушы билік органдарында және мемлекеттік қызметкерлер қатарында өкілдігі» жинағы көрсетілетін болады. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу сұрақтары бойынша халыққа онлайн-кеңес беру жұмысының нәтижелері қорытындыланады.

Дөңгелек үстел нәтижелері бойынша «2030 ж. дейінгі отбасы және гендерлік саясаттың тұжырымдамасы» аясында гендерлік саясатты одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірленетін болады.

Дөңгелек үстелдің өтетін орны: Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы 2А, «Думан» қонақжайы, «Парламент» конференц-залы, 2-қабат.

Толық ақпаратты келесі телефондар арқылы білуге болады:

8 (7172) 79 15 95,

8 701 512 55 00